ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 2 қыркүйек № 6213-25-00-2/454 іс Жезқазған қаласы

Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д.Е.Мұстафин,
З.Н.Жұмабектың хатшылығымен
ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ARSENAL STROI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Өсімпұлды өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Р.Д.Мұсахан
жауапкердің өкілі А.К.Аманжолова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылдың 19 ақпанында «Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (Тапсырыс беруші) және «ARSENAL STROI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (Өнім беруші) арасында № 63 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты (әрі қарай – Шарт) жасалған, оның 1-тарауы 1.1-

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 09.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 10.10.2025, судья Мустафин Д. Е., 10.10.2025

тармағының шарттарына сәйкес Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың жалпы сомасы № 1 қосымшамен айқындалады және 36 836 800 теңгені құрайды (Шарттың 2-тарауының 2.1-тармағы).

Шарттың № 1 қосымшасы бойынша ғимараттардың/құрылыстардың/жайлардың коммуналдық шаруашылық жүйелеріне және оларға жататын аумақтарға техникалық/профилактикалық қызмет көрсету, жинау, ұсақ және жедел жөндеу тізбесі болып табылады.

Шарт бойынша қызмет көрсету мерзімі 2025 жылдың 1 наурызынан 31 желтоқсан аралығында күн ішінде қызмет көрсетуге міндеттелген.

Алайда Өнім беруші қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамады, бұл 7 және 17 наурыздағы актілермен расталады.

Актілерге сәйкес қызмет көрсеті барысында кемшілектер анықталған.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы хабардар етілген талап қоюшы сот отырысына келмеді, мобильді байланыс құралы арқылы қатысу үшін қосылмады.

Сот келмеу себептерін дәлелсіз деп танып, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 196-бабының төртінші бөлігіне сәйкес істі талап қоюшының қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Жауапкердің өкілі талап қоюды мойындамады, жауапкер тарапынан жұмыс тиісті түрде және Шартпен және техникалық ерекшелікте белгіленген мерзімде орындалған. Талап қоюшы жауапкерге орындалған жұмыстағы кемшіліктерді жоюды талап етіп актілер жолдады, сондықтан жауапкер бұл талаптарды орындады, бірақ жауапкер қол қоюдан бас тартты. Ағымдағы жылдың 19 сәуірінде талапкер жауапкерге 3 683 680 теңге сомаға орындалған жұмыстың электронды актісін ұсынған, алайда, талап қоюшы қол қоюдан бас тартқан деп түсіндірді.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№ 1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 271-бабына сәйкес міндеттеме шарттан пайда болады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңының (әрі қарай – Заң) 2-бабының 21) тармақшасына орай мемлекеттік сатып алу туралы шарт – осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші мен өнім

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 09.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 10.10.2025, судья Мустафин Д. Е., 10.10.2025
6213-25-3-1/465

беруші арасында мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалған, электрондық цифрлық қолтаңбалармен куәландырылған азаматтық-құқықтық шарт.

АК-нің 272-бабына сәйкес міндеттеме міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 277-бабына орай егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Заңның 8-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына орай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 8-бабының 5-тармағына сәйкес Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Сот жасалған Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі 2025 жылдың 1 наурызынан 31 желтоқсан аралығында күн ішінде екенін анықтады.

Алайда жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауды мойнына алғанына қарамастан, бұл міндеттемелерді Шартта көрсетілген мерзімде орындамаған.

Жауапкердің Шарт талаптарын орындамауы ол үшін Заңның 8-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген салдарлардың туындауына әкеп соғады.

Бұған қоса жауапкер мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысып, Шартқа қол қойып, Шарттың барлық елеулі талаптарына өз келісімін білдіре отырып, АК-нің 272, 277-баптарының талаптарына сәйкес міндеттеме шарттары мен заңнама талаптарына сәйкес келісілген мерзімде өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауға міндетті болатын.

Алайда қаралып отырған жағдайда жауапкердің шарт міндеттемелерін орындамағаны айқын анықталды, бұл 7 және 17 наурыздағы актілермен расталады.

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 09.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.10.2025, судья Мустафин Д. Е., 10.10.2025

Осылайша даулы жағдайда жауапкердің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы орын алған, тиісінше жауапкер Шарттың елеулі талаптарын және АК-нің 272, 277-баптарының талаптарын бұзған.

Талап қоюшы талап қою үшін бұлтартпау мерзімін өткізіп алған жоқ.

№ 2 талап бойынша.

АК-тің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу деп танылады.

АК-тің 298-бабы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 359-бабына сілтеме жасай отырып, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы айып өндіруге негіз болып танылатынын айқындайды.

АК-тің 359-бабында айқындалғандай, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Талап қоюшы 920 920 теңге мөлшерінде өсімпұл есептеді (36 836 800 * 0,1 % * 25 күнге).

Өсімпұл кінәні анықтаған кезде өндіріп алынады.

Қаралып отырған жағдайда сот жауапкердің міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін кінәсін анықтады, сол себептер өсімпұл өндіруге жатады.

Жауапкер өз міндеттерін орындамауы сот анықтаған, сол себептен өсімпұл талап қоюшының пайдасына өндіруге жатады.

АК-тің 297-бабына сәйкес егер төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) кредитордың шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышкердің талабы бойынша борышкердің міндеттемені орындау дәрежесін және борышкер мен кредитордың назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайтуға құқылы.

Сот өсімпұлды азайту негіз жоқ деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджеттің кірісіне 1 966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

АПК-нің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 27 628 теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 09.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.10.2025, судья Мустафин Д. Е., 10.10.2025

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 403-404-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «ARSENAL STROI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және өсімпұлды өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«ARSENAL STROI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ARSENAL STROI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 920 920 (тоғыз жүз жиырма мың тоғыз жүз жиырма) теңге мөлшерінде өсімпұл және 27 628 (жиырма жеті мың алты жүз жиырма сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«ARSENAL STROI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджеттің кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы болған тарап Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ұлытау облыстық сотының апелляциялық сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Д.Е.Мұстафин**

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 09.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.10.2025, судья Мустафин Д. Е., 10.10.2025

6213-25-3-1/465